

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР

INTERNATIONAL RELATIONS

МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙ АРАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫҢ ДАМУЫ

**Набижан
МҰҚАМЕТХАНҰЛЫ**

тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы, nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

**Әсел
АЙТҚАЛИЕВА***

2 курс магистранты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан Республикасы, asel_aitkaliyeva5@mail.ru

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2021-76-1-61>

ӨЖ 327.8

ҒТАХТК 11.25.15

Аннотация. Мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдениет саласындағы ынтымақтастық байланыстардың даму үдерісі пайымдалады. Екі мемлекет дипломатиялық қатынас орнатқаннан бері, мәдениет аясындағы көптеген игі жұмыстар жасады. Басылымдар алмасуды ел басшыларының саяси кітаптарын өзара аударып таратудан бастап, тарихи еңбектерді, тарихи дерек жинақтарын, классикалық шығармаларды, телехикаялар мен кинофильмдерді аудару немесе бірлесіп түсіру жұмыстарының атқарылуы баяндалады. Осындай ынтымақтастық пен өзара ықпалдастық негізінде жүзеге асырылған ақпараттық алмасулардың ауқымы зор. Қытай мен Қазақстан арасындағы әлеуметтік коммуникациялық индустрия саласындағы байланыстар да айтарлықтай даму үдерісі істелген нақты еңбектер мен телевизия саласында көрсетілген өнер туындыларына талдау жасау арқылы дәйектеледі. Екі елдің дипломатиялық қарым-қатынастарының дамуы аясында мәдени ынтымақтастықтың салалар бойынша дамығаны нақты деректермен дәйектейді. Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени ынтымақтастық пен ықпалдастық үдерісі жүріп жатқаны екі ел мен екі халықтың мәдени ықпалдастығын, өзара түсінігін тереңдете түскенін атап көрсетіп, айқындап, жалпы екі елдің мәдениет саласындағы сала аралық ынтымақтастықтардың даму динамикасы көрсетіледі. Сондай-ақ, екі елдің мәдениет саласындағы ықпалдастығының артуы дами түседі деген тұжырым жасайды.

Түйін сөздер: Қазақстан мен Қытай, мәдени байланыстар, баспа және телеөнімдері, өзара алмасулар, ықпалдастық.

JEL коды: F53

Аннотация. В статье рассматривается процесс развития связей между Казахстаном и Китаем по сотрудничеству в области культуры. С тех пор, как два государства установили идеологические отношения, было сделано много добрых дел в сфере культуры. От обмена изданиями до взаимного перевода политических книг руководителей страны, до перевода или совместной съемки исторических трудов, сборников исторических источников, классических произведений, телекоммуникации кинофильмов. Большой спектр информационных обменов, осуществленных на основе такого сотрудничества и взаимодействия. Связи между Китаем и Казахстаном в области социальной коммуникационной индустрии также существенно развиваются путем анализа конкретных работ и произведений искусства, представленных в области телевидения. Развитие культурного сотрудничества в рамках развития дипломатических отношений двух стран подтверждается конкретными данными. Отмечая, что процесс культурного сотрудничества и взаимодействия между Казахстаном и Китаем углубил взаимопонимание двух стран, в целом демонстрируется динамика развития межнационального сотрудничества в сфере культуры двух стран. А также делает вывод о развитии взаимодействия двух стран в сфере культуры.

*Хат-хабарларға арналған автор: Ә. Айтқалиева, asel_aitkaliyeva5@mail.ru

Ключевые слова: Казахстан и Китай, культурные связи, издательская и телепродукция, взаимобмены, интеграция.

JEL код: F53

Abstract. The article deals with the development of relations between Kazakhstan and China on cooperation in the field of culture. Since the two states established ideological relations, many good deeds have been done in the field of culture. From the exchange of publications to the mutual translation of political books of the country's leaders, to the translation or joint shooting of historical works, collections of historical sources, literary works, television and films. A large range of information exchanges carried out on the basis of such cooperation and interaction. The links between China and Kazakhstan in the field of social communication industry are also developing significantly through the analysis of specific works and works of art presented in the field of television. The development of cultural cooperation within the framework of the development of diplomatic relations between the two countries is confirmed by concrete data. Noting that the process of cultural cooperation and interaction between Kazakhstan and China has deepened mutual understanding between the two countries, the dynamics of the development of interethnic cooperation in the field of culture of the two countries is generally demonstrated. He also makes a conclusion about the development of cooperation between the two countries in the field of culture.

Keywords: Kazakhstan and China, cultural relations, publishing and TV production, mutual exchanges, integration.

JEL code: F53

Кіріспе

Қазақстан мен Қытай Орталық Азияда ең ұзын шекарасы бар көрші мемлекеттер. Көрші мемлекеттер қашанда бір-бірімен өзара әрекеттестікте болуды тәбиғи заңдылық. Қазақстан мен Қытай дипломатиялық қатынас орнатқаннан кейін екі ел қатынастары дұрыс дамып келеді.

XX ғасырдың басына дейін қазақтар мен қытайлар арасындағы мәдени байланыстар стихиялы сипатта болған. Кейіннен тарихи оқиғалар мен саяси өзгерістерге байланысты Қазақстан мен Қытай арасындағы байланыстар КСРО – Қытай қатынастарының контекстінде өрістеген-ді. 1991 жылы Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін ҚХР-мен қарым-қатынасының сипаты өзгерді. Екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықтың мазмұны кеңейді, көлемі ұлғайды, өзара түсіністік тереңдеп, достық қатынас нығайып келеді. Мәдени алмасулар халықтарды жақын таныстыру қызметін атқарады. Сондықтан Қазақстан мен Қытай арасындағы мәдени байланыстардың дамуын зерттеудің ғылыми теориялық та, практикалық қолданыс құндылығы да жоғары болмақ.

Ғылыми зерттеу әдіснамасы

Мақаланың теориялық-әдіснамалық негізіне қазіргі заманғы халықаралық қатынастар зерттеудің, мәдениет таралу және мәдениет алмасуларды зерттеу әдіснамаларын пайдаланады. Зерттеу барысында кешенді, салыстырмалы анализдің дедуктивтік әдістері қолданылды. Еңбектің негізгі тұжырымдамасы сыртқы саясаттың

өзара байланысы туралы ғылыми қағидаға тұрақталған. Жүйелік тұрғыдан қарастыру бірлестігіндегі ұсынылған халықаралық қатынастар теориясының практикалық тәсілдері кешені қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Қазақстан мен Қытай арасындағы гуманитарлық саладағы ынтымақтастық 1992 жылдан бастау алып, дамып келеді. Алғашқы он жылда екі ел арасында білім беру, мәдени алмасу, туризм, ақпарат және спорт салаларында бірқатар келісімдер жасалды. Салааралық кездесулер ұйымдастыру механизмдері орнатылып, тиісті ведомстволары арасындағы ынтымақтастық байланыстар орнады, бірлескен іс-шаралар жүзеге асырылып, ірі қалалар арасында да өзара достық байланыстар күн санап дамып келеді. Ал екінші он жылдықта немесе 2000-жылдары қабылданған шешімдер негізінде жоспарланған жобалар белсенді жүзеге асырылып келеді. Әсіресе, екі елдің мәдени жылдары аясында белсенді түрде мәдени алмасулар, туристік барыс-келістер көбейіп келеді. Сондықтан ҚР мен ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынас орнағаннан бергі екі елдің мәдени – рухани саладағы ынтымақтастық байланыстарына талдау жасауды – бұл мақаламыздың басты міндеті болмақ.

Талқылама

Қазақстан мен Қытай арасында мәдени саласындағы алғашқы нормативтік құқықтық акт 1992 жылы 16 шілдеде қол қойылған «Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық

Республикасының Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы арасында туристік алмасуды одан әрі дамыту туралы» келісім. 1992 жылы 10 тамызда «ҚР және ҚХР арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. 1993 жылы қазанда «1993-1994 жылдар мәдениет саласындағы ынтымақтастық жоспары» туралы келісім жасалды. 1993 жылдың қараша айында «ШҰАА орталығы Үрімжі мен Қазақстан астанасы Алматы арасындағы достық ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойды (*Сыроежкин, 2004, 157 б.*).

1998 жылы 5 шілдеде Пекинде Қазақстан Республикасының Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі мен ҚХР Спорт және дене шынықтыру саласындағы Бас мемлекеттік басқармасы арасында «Дене шынықтыру және спорт саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге» қол қойылды. Жоғарыда көрсетілген келісімдер негізінде екі мемлекет арасындағы мәдени байланыс дами түсті (*Лаумилин, 2000, 132 б.*).

Екі елдің мәдени саласындағы ынтымақтастығы бойынша өзара кітаптар аударып шығару қолға алынды. Қазақстан мен Қытай арасында әдебиеттер шығару КСРО кезінде жолға қойылған. XX ғасырда Қазақстанда баспадан шыққан саяси, әдеби кітаптар Қытайдың Шыңжаң ауданына тараған-ды. Ал Қытай авторларының көптеген кітаптары да орыс тіліне аударылдып Қазақстан оқырмандарына жетіп отырған болатын. Қытайдың Конфуций, Лао Шэ, Ван Мин, Лу Синь, Юань Цзинь және басқа да танымал авторларының шығармалары орыс тілінен қазақ тіліне аударылған екен (*Лаумилин, 2000, 134 б.*). Олардың шығармалары республикамыздың кітапхана қорларында сақталған.

Саяси еңбектер. Қазақстан мен Қытай мемлекет басшыларының еңбектері қытай және қазақ, орыс тілдеріне аударылып баспадан шығуда. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбектері қытай тіліне аударылып, Дэн Сяопин мен Си Цзиньпиннің бірқатар саяси шығармалары қазақ және орыс тіліне тәржімаланып, қытай-қазақ оқырмандарына жетіп жатыр. Бұл еңбектер екі ел басшыларының ел

басқару ұстанымдары мен тәжірибелерін таныстырып, өзара түсіністікті тереңдете түсті.

2017 жылы 5 маусымда, ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің Астанаға сапарының қарсаңында Елбасы кітапханасының аналитикалық орталығы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президентінің Қоры жанындағы Әлемдік экономика және саясат институты және Қытайды зерттеу орталығымен бірлесіп, Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпиннің «Ел басқару жөнінде» атты еңбегін қазақ тіліне аудармасының тұсау кесері салтанатты түрде өтті.

Қазақстанның Тұңғыш Президенті кітапханасында Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бірнеше кітабы қытай тіліне аударылды. 2016 жылы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның жасампаздығы» атты еңбегі қытай тілінде ҚР-ның ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен және «Синьсин» корпорациясының қаржылық демеуімен «Жэньминь» мемлекеттік баспасында жарық көрді. Қытай тіліне аударманы Пекин университетінің профессоры Э Юньлун бастаған бір топ аудармашылар жүзеге асырған. (*Бабак, 2000, 56 б.*).

2017 жылы «Назарбаев Антологиясы: Қазақстан халқының ойы мен даналығы.» «纳扎尔巴耶夫文集: 哈萨克斯坦人民领袖的思想和智慧» атты жинақ Президенттің қолдауымен жасалды. Аударма мен басылымды Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясы жүзеге асырды. Кітапқа бүкіл әлемде үлкен қызығушылық пен қоғамдық резонанс тудырған Президенттің жолдаулары, мақалалары мен сөйлеген сөздері енген. Қытай Қоғамдық ғылымдар академиясының президенті Ван Вейгуан бұл кітаптар өте маңызды екендігін атап көрсеткен болатын.

1997 жылғы 29 шілдеде ҚР Тұңғыш Президенті, Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Ғасыр тоғысында» атты еңбегінің қытай тіліндегі данасы жарыққа шықты. Бұл шара Қытай мен Қазақстанның мәдениет саласында қол жеткізген негізгі жетістіктерінің бірі саналып, Қытай мен Қазақстан арасындағы достық қатынастардың жандануына қолайлы әсерін тигізді. Сонымен қатар, Қытай Халық Республикасында Елбасымыздың

жоғарыда аталған еңбегінен бөлек те бірқатар кітаптары мындаған даналық тиражбен, қытай, ағылшын және қазақ тілдерінде басылып шығарылды. Олар «Әділеттің ақ жолы», «XXI ғасыр алдында», «Бейбітшілік кіндігі» және де «Тарих толқынында» атты еңбектері (Бабак, 2000, 57 б.).

2004 жылғы 18 мамырда ҚХР-дағы Қазақстан Республикасының елшілігінде қытай және қазақ тілдерінде басылып шыққан Н.Назарбаевтың «Сындарлы он жыл» атты іргелі еңбегін ҚХР Мемлекеттік Кеңестің мүшесі Тан Цзясюань өте жоғары бағалай келіп, «... соңғы он жолдық – Қытай-Қазақ қатынастарындағы сындарлы он жыл. Қытай мен Қазақстанның тату көршілік және достық қатынастары өте жақсы деңгейде дамыды. Екі жақта тарихи мәселелерін шеше білді. Екі мемлекет арасындағы саяси өзара сенімділік қатынастар үзбей дамуда, барлық саладағы ынтымақтастық дами түсетініне үлкен сенім артатындығына» сенім білдірді (Су, 2017).

2004 жылғы 22 маусымда Президентіміз Қ. Тоқаевтың «Беласу» атты кітабы қытай тілінде жарық көрді. Осыған байланысты, «Жэнминь жибао» газетінде берілген сұхбатында Қ. Тоқаев: «Бұл кітаптың қытай тілінде жарыққа шығуы Қазақстан мен Қытай қатынастарының дамуына және нығаюына көмегін тигізеді деп сенім білдіремін. Өйткені бұл кітаптың біршама беттері Қытайға арналған...Қытай Қазақстанның ең жақын серіктестерінің бірі, көрші мемлекет, сондықтан да сіздердің елдеріңізбен ынтымақтасуға және қарым-қатынастарды дамытуға біз үлкен мән береміз» деп өз ойын білдірді. (Токаев, 1999).

ҚР – ҚХР арасындағы дипломатиялық қатынастарға қатысты құжаттар жинақтары да аударылып, 1997 жылы Қытайда қазақ, қытай және орыс тілдерінде «Қазақстан және Қытай 1992 – 1997» атты құжаттар жинағы жарық көрді. Бұл еңбек ҚХР дағы ҚР ның төтенше және өкілетті елшісі К. Султановтың редакциясымен басылып шығарылды (Смаилов, 2002, 54-55 б.).

Сонымен қатар, Қазақстан және Қытай елшілік қызметкерлерінің көмегімен және К.Султановтың

редакциялық жетекшілігімен «Қазақстан-Қытай: тату көршілік және іскерлік қатынастар» атты құжаттар мен материалдар жинағы Пекинде қазақ, орыс және қытай тілдерінде басып шығарылды.

Екі ел басшыларының еңбектерінің қазақ және қытай тіліне аударылуы қазақ және қытай халықтарының өзара түсінуі мен ынтымақтастық қатынастарын ілгерлетте түсті деп санаймыз.

Қытайдан елімізге тараған тарихи кітаптар. Қазақстанда қазақ халқының тарихы туралы қытай ғалымдарының еңбектері ұдайы басылып шығуда. 1994 жылы белгілі ғалым Нығмет Мыңжанның 1987 жылы Үрімжіде жарық көрген «Қазақтың қысқаша тарихы» атты монографиясы Алматыда басылып шықты. Бұл еңбек Қытайдағы реформалар мен аштық дәуірінде жазылған аса күрделі еңбектердің бірегейі. Оның қазақтың этногенезі мен қазақ мемлекеттік тарихының басталуы жөніндегі көзқарастары отандық тарих ғылымына тың ізденіс жасауына бастама болды. Ал Шыңжаң университетінің профессоры дәстүрлі қытай тарихнамасының өкілі Су Бейхайдың «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты еңбегінің қысқартылып аударылған нұсқасы да 1989 жылы Алматыда басылып шықты. Аталмыш монография қытай еліне қазақ мәдениетінің қалыптасуы мен тарихи дамуының түпнегіздерін таныстырған еңбек болған еді. Бұл еңбектің үзінділері Қазақстанның ғылыми және ғылыми-көпшілік журналдары мен басқа да бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланды (Су, 2017, 59 б.).

Қазақ тарихына қатысты қытай тіліндегі деректерді қазақ тіліне аударып баспадан шығару айтарлықтай дамып келеді. Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының ұйымдастыруымен Мұталып Алпамыс, Тұрсын Жиылұлының аудармасымен «Ғұн тарихының жылнамасы» (2004) еңбегі баспадан шықты; ҚР-дың ҚХР-дағы Елшілігінің қолдауымен, қытайлық тарихшы ғалым Шадыман Ахметтің құрастырып түсініктер жазуымен «Ежелгі Үйсін елі» (2005), «Ұлы Түрік қағанаты» (2006) атты көлемді

еңбектер кирилицамен басылып шықты; Қытай Шыңжаң Қоғамдық ғылымдар академиясының Жақып Мырзахан жетекшілік еткен ұжым қытайдың тарихи жазбаларынан сұрыптап аударып баспадан шығарған «Қытай жылнамаларындағы қазақ тарихының деректері» төрт томдық жинақтың екі томын «Өнер» баспасынан 2006 жылы басып шықты (Бабақ, 2000, 58 б.).

Мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында Р.Б.Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының мамандары Бақыт Еженхан, Жәнімхан Ошан, Сағынтай Сұңғатайлардың аударып құрастыруымен «Қазақстан тарихы туралы қытай деректемелері» атты алты томдық деректер жинағы 2006 жылы баспадан шықты; Пекиндегі «Ұлттар» баспасы кирилицияға аударып баспадан шығарған «Қытайдың қазіргі заман тарихы» 3 том, Қазақстан кітапханалары мен оқырмандарына таратылды.

Бұл еңбектер отандық тарихи ғылымның деректік базасын байыта түсті және қытай тарихшыларының Ғұн, Түркі және Қазақ тарихы, тіпті Орталық Азия тарихы жөніндегі зерттеулерінен қызықты мәліметтер беріп, екі ел тарихшыларының өзара алмасуларын ілгерлетті деп санаймыз.

Әдеби кітаптар. Бұл қатарда ұлы ақын, ойшыл Абай Құнанбайұлының шығармалары қытай тіліне аударылып, таныстырылғанын атап айтқанымыз жөн. 1955 жылдың тамызында «Аударма» журналында Мұхтар Әуезовтің «Абай ұлты және реализм» атты ғылыми мақаласы жарық көрді. Абайдың аудармашы Қабай аударған «Ескендір» поэмасы жарияланды, 1958 жылы «Абай поэмасы» «Халық әдебиеті» баспасынан жарық көрді. Аудармашы Қабай 1982 жылы «Шинжян халық баспасы» «Абай өлеңдерінен таңдаулыларын» шығарды. 1984 жылы «Шинжян халық баспасы» Абайдың «Ақылия»-сын, 1993 жылы «Ұлттар баспасы» «Абай шығармаларының толық жинағын» шығарды.

1993 жылы ЮНЕСКО Абайдың 150 жылдығын 1995 жылы атап өту туралы шешім қабылдады. Бұл ұлы Абайды бүкіл әлемге ортақ ұлы ақын, ойшыл деп тану болды. Қазақтың ұлы ақыны Абайдың

150 жылдық мерейтойына байланысты Қытайдың басты газеттері «Халық газеті» (1994 жылғы 30 қараша) және «Сәуле газеті» (1994 жылғы 2 сәуір), «Қытай Мәдениет газеті» сияқты маңызды газеттер арнайы мақалалар жариялады. 1995 жылы Акбар Мәжитұлы аударған «Абай Қара сөздер» топтамасын жариялады. 1995 жылы «Дужы Уынжай» («Оқырман өрісі») журналы да арнаулы мақала жариялады. Ал "Ұлттар баспасы" ЮНЕСКО қозғалысына қатысу үшін қазақ халқының ұлы ақыны, данышпан ойшылы, көрнекті ағартушы, таяу уақыттағы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы Абай Құнанбайұлының туғанына 150 жыл толуына орай қытай тіліндегі «Абайдың ақылиясы» бірегей нұсқасын шығарды. «Бұл кітапты алғаш рет орыс тілінен қытай ұлтының жазушысы, аудармашы Су Джоу-Шун мырза аударған. Бұл кітапты шығару Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасу тарихындағы маңызды оқиға болып табылады.

1995 жылы Қытайда қазақтың ұлы ойшылы Абайдың «Қара сөздері» қытай тілінде жарық көрді. Бұл кітап Абайдың жүз елу жылдық мерейтойы қарсаңында баспадан шықты. Сонымен қатар Қытайда Қазақстанның мәдениет күндері өткізілді (Yang, 1995, 23 б.).

Қазақтың белгілі жазушысы, ғалым, көрнекті драматург, аударма шебері, академик М.О. Әуезовтың 4 томдық әдеби шығармасы эпопеясы «Абай» және «Абай жолы» 2004 жылы Қабай мен Гау Шунфанның қытай тіліне аудармасы «Ұлттар баспасынан» басып шықты. Бұл екі ел-Қытай мен Қазақстан арасындағы мәдени алмасу тарихындағы маңызды оқиға. Қытай газеттері мен журналдарында Мұхтар Әуезов және оның шығармашылығы туралы мақалалар жарияланды. 1959 жылы 16 маусымда «Гуанжоу күнделігінде» Ли Йуидің «Әуезов-1959 жылғы Лениндік әдеби – көркем сыйлықтың лауреаты» атты мақаласы жарық көрді (Лаумулин, 2003).

2018 жылдың 2 сәуірінде Сиань шет тілдер университетінде (SUIE) қытай тіліне аударылған «Шәкәрім» кітабының тұсаукесері өтті. Қазақтың ұлы жазушысы әрі ақыны Шәкәрімнің шығармаларын қытай тіліне Сиань шет тілдер

университетінің лингвисті Ли Сичан аударған. Аудармашы қазақ халқының өмірі мен тұрмысымен жақсы таныс, себебі ол біраз уақыт Астана қаласындағы Конфуций институтында жұмыс істеген. Қазақ және қытай халықтарының екі ойшылының шығармаларында өмірге деген осындай көзқарас, Отанға деген патриотизм байқалады. Сондықтан Конфуций философиясын құрметтейтін оқырмандар Шәкәрім туралы бұл шығарманы да жоғары бағалайды, бұл кітап екі ел арасындағы мәдени ынтымақтастықтың дамуын бейнелейді (*Смаилов, 2002, 574 б*).

Қытай елі әлемнің классикалық әдеби шығармаларын аудару жұмысына көп көңіл бөледі. Қазіргі таңда әлемнің 50-ден астам мемлекетімен классикалық туындыларды аудару туралы келісімге қол қойған. Қытай әдебиеті авторларының шығармалары дүниежүзінің 190-нан аса мемлекетіне таралған. Әлемнің аудармашыларын ынталандыру мақсатында Қытай үкіметі классикалық «Қытай автор» халықаралық баспа жобасы мен көп жылдар бойы қытай тіліне 5000-нан астам кітапты аудару және басып шығару жұмысын қаржыландырып келген «Жібек жолы әдебиеті» баспа жобаларын арнайы ұйымдастырды (*Смаилов, 2002, 573 б*).

Көркем әдебиет халықтардың өзара түсінуіне дәнекер келгендігі бесенеден белгілі. Өйткені, ол жалпы адамзатқа ортақ рухани байлық болып табылады. Осы тұрғыдан айтқанда, Қазақстан жазушыларының шығармаларының қалың қытай оқырмандарына таралуы – міндетті түрде екі ел халықтарын өзара түсінікке бастайды деп сенеміз.

Қазақстандық телеарналарда көрсетілген қытай фильмдері. Ел тәуелсіздігінен бері Қытай елі түсірген телехикая, көркем фильмдер, документалды және ғылыми ленталар Қазақстан экранында көрсетіліп келеді. Көркем фильмдердің басым бөлігі Шыңжаң киностудиясында қазақша дубляжданған нұсқасы немесе Қазақстан қайта оқылып экранға шығарылып келеді. Мысалы, «Шыңғыс хан телехикаясы», «Құбылай хан», және соңғы жылдары түсірілген «Композитор» сынды телехикаялар мен фильмдері қазақ

көрерменге ұсынылған-ды (*Қосылған, 2003, 243 б*).

Шыңғысхан (қыт. 成吉思汗) - қытайлық 52 сериядан тұратын телесериал. Алғаш рет 2004 жылы Қытайдың Орталық теледидарында көрсетілген. Бұл серия Шыңғыс ханның өмірбаянын суреттеген. Қазақстанда 2016 жылы көрсетілді.

Хикая Шыңғыс ханды тарихи шындықпен бейнелеген. Өйткені автор атақты «Алтын аңыз» жинағына сәйкестендіріп жасаған. Сериал Шыңғысханның құпиясы неде екенін, соғысушы тайпаларды қалай біріктіре алғанын, қазіргі Ресей жерінен екі есе үлкен аумақты қалай бағындырғанын көрсетеді (*Қосылған, 2003*).

«Құбылай хан» жалпы 50 бөлімнен тұратын телехикая 2011-2013 жылдар аралығында түсірілген, алғаш рет Қазақстанда 2014 жылы күзде тұсаукесер ретінде көрсетілді.

Қытай тарихындағы танымал теленовеллалардың бірі «Қызыл сарайдағы түс» атты хикаясы 2015 жылы қазақстандық экраннан көрсетеле бастады. Ол 50 сериямен түсірілген Әдемі декорациялар, қымбат және әсем киім үлгілері, сол кездегі қалпына келтірілген тұрмыстық жағдай Цин династиясының дәуіріне қытай өмірінмен танысуға мүмкіндік береді. Осы сынды телехикаялардың аударылып көрсетілуі – отандық көрермендердің көзаясын кеңейтуге жақсы рөл атқарғаны анық (*Тұрсынов, 2015, 76 б*).

Әлемге ұлтқа бөлінбейтін нәрсе болса, ол өнер екені белгілі. Соңғы жылдары қазақстандықтар мен қытайлықтар бірігіп түсірген «Композитор» атты көркем фильм телеарналарда көрсетілді. Бұл туынды Қытай халқының атақты композиторы Сиан Синьхайдың өмірбаяны негізіне жазылған. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанға келіп, осы жақта қалып қойған қытайлық композитор Алматыда қазақ әріптесінің қамқорлығында болып, шығармашылықпен айналысады. Қазақстандағы Қытай елшілігі екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстанда бір мезгіл өмір сүрген Си Синхайдың шығармашылығына арналған бірнеше іс-шаралар өткізген. Ол ауру болуына

қарамастан, қазақ халық әндерін жинақтап, қазақша негізде тың туынды шығарады. Екі композитордың достығы арқылы екі елдің достығын дәріптеу мақсатында Алматы қаласының әкімшілігі Алматыдағы бір көшеге Қытай композиторының есімін береді. Соңынын арнайы кинофильм түсірілді. Атақты сазгер Бақытжан Байқадамовтың рөлін фильмде Берік Айтжанов сомдаған (*Қосылған, 2003, 27 б*).

2020 жылғы 6-8 қарашада Линьцан қаласында (Юньнань провинциясы, ҚХР) жыл сайынғы Қытай теледидар өнері ассоциациясы ұйымдастырған 8-ші Азиялық Халықаралық қысқаметражды фильмдер фестивалі өтті.

Фестивальде ұсынылған әлемнің 20 астам елінен 5000-ға жуық жұмыстың ішінде төрешілер қазақстандық кинорежиссер Арман Баймұраттың "Өзгеріс" атты жұмысы Шаңхай ынтамақтастық ұйымы елдерінің қысқаметражды туындысы номинациясының үздігі деп танылды (*Хі, 2015, 76 б*).

Өте жоғары талғаммен таңдалып, режиссерлік топтың үлкен еңбегімен түсірілген, шығыс тарихы мен мәдениетіне тән әр түрлілік, ерекшелікті көрсетіп, эстетикалық тұрғыда көзге қуаныш сыйлайтын қытай фильмдерінің өзіндік ерекшелігімен тартымды.

Қытайдың Қазақстандағы ақпарат өкілдіктері. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 1 шілдедегі № 678 Қаулысы негізінде «Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі мен Қытай Халық Республикасының Ақпараттық өнеркәсіп министрлігі арасындағы Ақпараттық және коммуникациялық индустрия саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға» қол қойылды. Сонымен ҚР мен ҚХР арасындағы ақпараттық ынтымақтастық жүзеге аса бастады (*Лаумулин, 2003*).

Екі ел ақпарат және коммуникациялық индустрия саласындағы ынтымақтастықтары мынадай басым салаларына назар аударуды көздеді:

1. Ақпараттық технологиялар мен желілік инфрақұрылымды дамыту саласындағы ынтымақтастық;

2. Технологиялық саладағы және персоналды оқытудағы ынтымақтастық;

3. Екі елдің іскерлік қоғамдастықтары арасындағы ынтымақтастық пен алмасу.

Екі ел егер әрбір нақты жағдайда өзге де тәртіп келісілмейтін болса, олар осы меморандумды орындау барысында туындайтын шығыстарды мемлекеттерінің заңнамаларында көзделген қаражат шегінде көтеретіні айқындалды.

Осы келісімдер ережелерін түсіндіру немесе қолдануда даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда, тараптар екі жақты келіссөздер мен консультациялар жолымен шешеді деп көрсетілген (*Турсынбаев, 2002, 230 б*).

Қазіргі уақытта ҚХР үкіметі Қазақстандағы жетекші Қытай масс-медиясының қызметін күрт жандандыруда. Қазақстанда Қытайдың негізгі БАҚ өкілдері жұмыс істейді. Атап айтқанда, қазіргі уақытта ҚР-да қытайлық масс-медияның мынадай өкілдері жұмыс істейді және толыққанды қызмет атқаруда: "Синьхуа" ақпараттық агенттігі, "Жэньминь жибао" партиялық күнделікті газетінің шетелдік басылымы, "Гуанминь жибао" газеті, Қытай халықаралық радиосы, Қытайдың "ССТV" орталық теледидары, Шыңжаң телеарнасы (қазақ тілінде). Қытайлық журналистер Қазақстан және Орталық Азия республикаларын еркін аралап материал жинап, еліне дер кезінде ақпарат беріп отырады.

Қазақстан аумағында ресми түрде Синьхуа ақпараттық агенттігінің 2 филиалы, бірі Алматы қаласында, сондай-ақ өткен жылдан бастап Нұр-Сұлтанда ашылды. Талдау көрсеткендей, Алматы және Нұр-Сұлтан қалаларының филиалдарының агенттік қызметкерлері өз жұмысында Қазақстанның қоғамдық-саяси саласындағы негізгі оқиғаларды жариялауға баса назар аударады. Орыс тілді сайтта russian.news.cn, посткеңестік кеңістіктегі мемлекеттерде, оның ішінде біздің республикада болған соңғы жаңалықтар күн сайын жарияланатын "Ресей Федерациясы мен ТМД" арнайы бөлімі бар. Жалпы, Синьхуа Қытайда және әлемде болып жатқан оқиғалар туралы тек ресми ақпарат береді.

"Жэньминь жибао" газеті (Жэньминь

жибао – қытай тілінен аударғанда "халықтық күнделікті газет" дегенді білдіреді) – Қытай Компартиясы Орталық комитетінің ресми баспа басылымы, сондықтан ҚХР-дағы ең ықпалды басылым. Газет қытай, орыс, ағылшын, жапон, француз, испан, араб, моңғол, тибет, ұйғыр, қазақ, корей және Чжуан тілдерінде шығады. Қазақстанның оңтүстік астанасында ресми орналасқан Орталық Азиядағы тілшілер қосынының қызметі, бірінші кезекте, Қазақстан мен Қытай арасында болып жатқан маңызды мемлекеттік кездесулерді, сапарларды және өзге де саяси оқиғаларды ақпараттық сүйемелдеуге бағытталған.

Шыңжаң телеарнасы- көршілес Шыңжаңдағы ең ірі және беделді телерадиокомпания, бірнеше тілде, соның ішінде қазақ тілінде хабар таратады. Шыңжаң теледидарының қазақ тіліндегі нұсқасы Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарының бірқатар өңірлерінде еркін таратылады. "Гуанминь жибао" газеті мен қытайлық "CCTV" телеарнасының қызметі Қазақстанда қазіргі уақытта айтарлықтай байқалмайды. Уақыт өткен сайын "CCTV" Қазақстанның негізгі ішкі саяси өзгерістері бойынша шолу материалдар мен сюжеттер жасап келеді. Бірақ, жоғарыда аталған барлық қытай масс-медиясының материалдары ресми мемлекеттік желіні қатаң ұстанады (Смаилов, 2002, 324 б).

2012 жылғы 29 ақпанда Бейжіңде "Қазақпарат" ҰК "АҚ мен Қытайдың" Жэньминьван" сайты арасында ынтымақтастық туралы келісімге қол қою рәсімі өтті. Ал 2013 жылдың қазан айында "Қазақпарат" пен "Тяньшаньнет" Үрімшіде ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды.

2014 жылдың басында халықаралық мәртебеге ие болған "Қазақпарат" агенттігі наурыз айында сайттың қытай тіліндегі нұсқасын қосты.

Интернеттің дамуына байланысты ҚХР-да қазақ тілді сайттар пайда болды, оларды пайдаланушылар саны күн сайын артып келеді. Солардың негізгісі «Vozbala» әмбебап сайты болып табылады. Сондай-ақ Kazakhpeople-kazakh. ru - ru.com.cn (Халық торабы). Соңғысы-жалпы Қытай Халық сайтының қазақ парақшасы people.com.cn., жұмыс

істейді. Қытайлар қазақстанда қытай тілінде газет шығаруды ептеп енгізе бастады. 2016 жылдан бастап. Қытай Қазақстанда «SILK ROAD TODAY» деген дунгандардың қытайша үйренуіне арнап, қазақ тілінде көптеген мақалаларды жинақтаған журнал шығаруда. Алайда, қазақстандықтар Қытайда мұндай мақсатта газет шығарып жатырмағандығы көңіл қынжылтады.

Қазақстан-Қытай мәдени ынтымақтастығын асыру жолына Қазақстан Республикасы әрдайым өз үлесін қосып отырады. Қазақстан- Қытай арасындағы мәдени ынтымақтастықтың жемісті нәтижелерінің бірі ретінде қазақстандық телеарналарда көрсетіле бастаған қытайлық көркем, документалдық фильмдерін және ҚХР-ның қазіргі кездегі өмірі, экономикасы, мәдени мұралары туралы және табиғаты мен жан-жануарлар әлемін суреттейтін фильмдерін мысалға келтіруге болады. Қытайлық көркем фильмдердің басым көпшілігі XIV-XV ғасырдағы Қытай әдебиетінің шығармашылық туындылары бойынша түсірілген. К. Хафизованың айтуы бойынша, бұл фильмдердің біздің көршіміз Қытай туралы және оның халқының ерекшеліктермен танысудағы беретін пайдасы орасан.

Қорытынды

Жоғарыдағы пайымдаудан, Қазақстан мен Қытай арасында мәдениет саласында ынтымақтастық қатынастардың үрдісі күн санап, дамып келе жатқанын көруге болады. Екі елдің мәдени қатынасын дамытудағы БАҚ құралдарының рөлі зор. Олардың ішінде, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, телефильмдер, саяси, тарихи, әдеби еңбектердің аударылып екі елдің оқырман қауымына жеткізілуі үлкен септігін тигізіп отыр. Бүгінгі күні екі ел арасында басылымдардың өзара аудармасының таратылуы тарихта болып көрмеген дәрежеде көбейді. Олар екі мемлекет басшыларының саяси еңбектері, тарихи монографиялар, тарихи дерек көздері жинақтары, классикалық әдеби шығармалар мен экрандық өнімдерді қамтиды. Бұл еңбектер екі ел халықтарының өзара мәдени рухани тұрғыдан түсінуіне дәнекер болатын қазына болып табылады.

Ал екі ел арасында Ақпараттық саладағы ынтымақтастық байланыстар Қазақстан мен Қытай арасында ақпарат алмасуды дамытып келеді. Ақпарат алмасудың жоғары деңгейде жүзеге асуы, екі елдің мәдени-гуманитарлық қатынастарына қана емес, түгелдей дипломатиялық қатынасына ықпалын тигізері сөзсіз. Жалпы алып қарағанда, ҚХР алып держава ретінде Қазақстанның мәдениет саласында өзінің әлеуетінің басымдылығын байқатып отырғаны анық. Соңғы жылдардағы өзгерістерге байланысты қазіргі таңдағы мәдени-

гуманитарлық байланыс онлайн форматта жүзеге асып отырғаны мәлім, осы арада БАҚ құралдары арқылы байланыс жүргізудің өзекті болып отырғандығын тілге тиек етпеске болмайды. Мақаланы қорытындылай келе, біз қытайлық мәдениеттің елімізде таралуы мен санаға сіңуі, еліміздің мәдениетінің Қытай елінде ақпарат арқылы жеткізілуі жүріп жатқанын аңғара аламыз. Сонымен қатар, болашақта бұл үдеріс әлі де жалғасын табады деп ой түйеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Бабак, В. (2000). Астана в треугольнике «Москва-Вашингтон-Пекин». Казахстанско-Китайские отношения. *Центральная Азия и Кавказ*, 58.
- Қосылған, А. (2003). *Телевидиялық фильмдер*. Алматы: Қазақ университеті. 243.
- Лаумулин, М. (2003). *Казахстан в современных международных отношениях: безопасность, геополитика, политология*. Алматы. 134.
- Омашев, Н. (2000). «Ақпарат әлемі» таңдамалы шығармалардың көп томдығы. (I-том). Алматы: Санат. 37.
- Си, Ц. (28 March 2015). *Towards a community of common destiny and a new future for Asia*. Boao. 46.
- Си, Ц. (8 June 2017). 为中哈关系起飞梦想的翅膀 (Взлетают на крыльях мечты казахстанско-китайские отношения). *人民日报*. 132.
- Смаилов, А.А. (2002). *Казахстан сегодня. Информационно-аналитический сборник*. Алматы: Интеллсервис. 534.
- Султанов, К. (1998). *Состояние и перспективы казахстанско-китайских отношений*. Саясат-Policy. 75.
- Сыроежкин, К. (2004) *Казахи в КНР*. Алматы. 58 -59.
- Токаев, К. (1999). *Решение территориальных проблем с Китаем – большое достижение казахстанской дипломатии*. М.: Дипломатический курьер. 570.
- Турсынбаев, Т. А. (2002). *Международные связи республики Казахстан (1990-2000)*. М.: Экон-информ. 40.
- Турсинов, Қ. (2015). *Көгілдір экран құпиясы, 4 тарау*. Алматы: Қазақ университеті. 43.
- Ян, Ч. Х. (1995). *Формирование внешнеполитических курсов Казахстана и (Депонированная рукопись)*. Москва: Дипломатическая Академия МИД РФ. 22 б.

REFERENCES

- Babak, V. (2000). Astana v treugol'nike «Moskva-Vashington-Pekin». Kazahstansko-Kitajskie otnoshenija. *Central'naja Azija i Kavkaz* [Astana is in the triangle "Moscow-Washington-Beijing". Kazakh-Chinese relations. *Central Asia and the Caucasus*], 58.
- Kosylgan, A. (2003). *Televizionnyye fil'my*. [TV movies] Almaty: Kazak Universiteti. 243.
- Laumulin, M. (2003). *Kazakhstan v sovremennyh mezhdunarodnyh otnoshenijah: bezopasnost', geopolitika, politologija* [Kazakhstan in modern international relations: security, geopolitics, political science]. Almaty. 134.
- Omashev, N. (2000). «Aqparat alemi» tandamaly shygarmalardyn kop tomdygy. (I-tom) [«The world of information» multi-volume collection of selected works]. Almaty: Sanat. 37.
- Si, C. (28 March 2015). *Towards a community of common destiny and a new future for Asia*. Boao. 46.
- Si, C. (8 June 2017). 为中哈关系起飞梦想的翅膀 [Vzletajut na kryl'jah mechty kazahstansko-kitajskie otnoshenija/ Kazakh-Chinese relations fly on the wings of dreams]. *人民日报*. 132.
- Smailov, A.A. (2002). *Kazakhstan segodnja. Informacionno-analiticheskij sbornik* [Kazakhstan today. Information and analytical collection]. Almaty: Intellservis. 534.
- Sultanov, K. (1998). *Sostojanie i perspektivy kazahstansko-kitajskih otnoshenij* [The state and prospects of Kazakh-Chinese relations]. Sajasat-Policy. 75.
- Syroezhkin, K. (2004) *Kazahi v KNR* [Kazakhs in China]. Almaty. 58 -59.
- Tokaev, K. (1999). *Reshenie territorial'nyh problem s Kitaeom – bol'shoe dostizhenie kazahstanskoj diplomatii* [Solving territorial problems with China is a great achievement of Kazakhstan's diplomacy]. М.: Diplomaticheskij kur'er. 570.
- Tursynbaev, T. A. (2002). *Mezhdunarodnye svjazi respubliki Kazahstan (1990-2000)* [International relations of the Republic of Kazakhstan (1990-2000)]. М.: Jekon-inform. 40.
- Tursynov, K. (2015). *Kogildir ekran kupijasy, 4 tarau* [The secret of the blue screen. Part 4]. Almaty: Kazak universiteti. 43.

Jan, Ch. H. (1995). *Formirovanie vneshnepoliticheskikh kursov Kazahstana i (Deponirovannaja rukopis')* [Formation of foreign policy courses of Kazakhstan and (Deposited manuscript)]. Moskva: Diplomaticheskaja Akademija MID RF. 22 b.

DEVELOPMENT OF CULTURAL COOPERATION BETWEEN KAZAKHSTAN AND CHINA

Nabizhan MUKAMETKHANULY, Doctor of Historical Sciences, Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

Asel АЙТКАЛИЕВА, 2nd year Master's student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan, asel_aitkaliyeva5@mail.ru

РАЗВИТИЕ СВЯЗЕЙ СОТРУДНИЧЕСТВА В ОБЛАСТИ КУЛЬТУРЫ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И КИТАЕМ

Набизжан МУКАМЕТХАНУЛЫ, доктор исторических наук, профессор, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, nabizhan.muhametkhanuly@gmail.com

Асель АЙТКАЛИЕВА, магистрант 2 курса, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, asel_aitkaliyeva5@mail.ru